

«№ 34 «Таңшолпан» бөбекжай – балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің № 6 отырысы
ХАТТАМА № 6

Күні: 23.05.2024

Қатысқандар: меңгеруші және 9 – кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1.2023-2024 оқу жылының қортындысы.

2. Қамқоршылық кеңестің қорытынды есебі мен жаңа оқу жылына жұмыс жоспары.

3. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

4. Демеушілерді марапаттау.

Тыңдалды: № 34 «Таңшолпан» бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі

А.Е.Карабалина қамқоршылық кеңес отырысын ашып, күн тәртібіндегі мәселелерді және 2023-2024 оқу жылының қортындысын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы Ж.С.Муханова сөз алып Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін берді. Қамқоршылық кеңес жұмысының басым бағыттары:

- балабақшада балаларды тәрбиелеудің қауіпсіз жағдайларын жасауға ықпал ету;
- балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, оның үй-жайлары мен аумағын абаттандыруға ықпал ету;
- балабақшаның конкурстарын, жарыстарын, бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыруға жәрдемдесу екендігіне тоқталды.

Оқу жылында Қамқоршылық кеңестің 6 отырысы өткізілгенін, онда Қамқорлық» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру, жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам белсенділері мен демеушілерді тарту, оқу жылының мерзімінде білім беру ұйымының педагогтарын (тәрбиеленушілерін) ынталандыру мәселесі, наурыз мерекелік іс-шараға қатысу, бөбекжай аймағын көркейтуге, абаттандыруға көмек беруін қамтамасыз ету, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау т.б мәселелер қозғалып, жүйелі жұмыстар атқарылғанын атап айтты. Келесі оқу жылына құрылған жоспармен таныстырды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Р.Ж.Боранбаева сөз алып, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші А.Е.Карабалина сөз алып, жыл бойы жасалған нәтижелі жұмыс үшін кеңес мүшелеріне алғысын білдірді және демеушілік жасаған кәсіпкерлер мен Қамқоршылық кеңес мүшелерін марапаттады.

Сөз алғандар:

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшелері: А.Айтекова, А.Казиханқызы жоғарыда айтылған ойды қолдайтындықтарын, балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстау қажеттігін айтып өтті.

Кеңес мүшелері сөз алып, күн тәртібіндегі мәселелерге өз пікірлерін білдірді. № 34 «Таңшолпан» бөбекжай – балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысы күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылай келе Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысына қанағаттанарлық баға берді.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Мүшелері:

A vertical column of eight handwritten signatures in blue ink, corresponding to the names listed to their right. The signatures are stylized and vary in length and complexity.

Ж.Муканова
А.К.Нуркенова
А.Казиханқызы
Г.Байдекенова
А.Айтекова
Г.Е.Рүстем
Н.Асанова
Н.А.Камшыбекова
Г.Жәкен